

2

Президент назарындағы
нысандар құрылысы
қарқынды



4

Елден алғыс алып
жүрген етікші



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz



Сыр бойы

№114 (21189) 4 тамыз, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



IOAI
Astana 2026

ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиаданың ашылу салтанатына қатысып, сөз сөйледі. Президент сөзінде еліміз цифрлық даму тұрғысынан стратегиялық таңдау жасағанына тоқталды.

— Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының электронды үкіметті дамыту индексында 193 мемлекеттің арасынан 24-орын алады. Жаңа технологияларды енгізуге әзірлік деңгейі бойынша еліміз Орталық Азияда көш бастап тұр. Біз бірінғай инновациялық экожүйе құрып жатырмыз. Мұнда жасанды интеллект мемлекетті, экономиканы, бизнесті басқарудың маңызды тетігі ретінде қоғам өмірінің барлық саласына дендеп енеді. Былтырғы Жолдауымызда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыру бойынша нақты міндет жүктелді. 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау да — осы стратегиялық бағдарлы жүзеге асыруға бағытталған қадам. Бұдан бөлек, инновацияға иек артатын ел дамуының негізгі бағыттары 1 шілдеде күшіне енген Қазақстанның жаңа Конституциясында анық көрсетілген. Бұл — барлық үдерістің басы ғана, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз сапалы білімге, дарынды балаларды жан-жақты қолдауға баса назар аударатынын айтты.

— Былтыр Бейжіңде өткен Жасанды интеллект бойынша олимпиаданың Қазақстан оқушылары үшін алтын, бір күміс және үш қола медаль жеңіп алды. Ел мерейін асыратын бұл жетістік жастарымыздың зияткерлік және шығармашылық әлеуетінің зор екенін көрсетеді. Орайлы сәтті пайдалана отырып, талантты өрендерімізге бағыт-бағдар беріп жүрген ұстаздар мен тәлімгерлерге алғыс айтамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент бұл олимпиада жасанды интеллекттің зерттеуші жастардың халықаралық қауымдастығының дамуына үлкен серпін беретініне сенім білдірді.

— Білім қай заманда да халықты біріктіріп, адамзатты өркениеттің шыңына жетеледі. Сіздердің қарым-қабілеттеріңіз медицина, білім, экология және басқа да өте маңызды салалардағы тың шешімдерге негіз бола алады. Дәл осы олимпиадада әлемді өзгертетін жаңа идеялар мен жобалар дүниеге келуі мүмкін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев олимпиада қатысушыларына сәттілік тілеп, осы маңызды шараны ұйымдастыруға үлес қосқан барша азаматқа шынайы ризашылығын білдірді.

Салтанатты рәсімде Sinovation Ventures және 01.ai компанияларының бас директоры Ли Кай Фу, Жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиада кеңесінің төрағасы Елена Маринова, Қазақстанның спорттық бағдарламалау федерациясының президенті Бағдат Мусин, Kaspi.kz негізін қалаушылардың бірі Михаил Ломтадзе және Freedom Holding Corp. компаниясының бас атқарушы директоры Тимур Турлов сөз сөйледі.

Іс-шара барысында Мемлекет басшысы халықаралық олимпиаданың құрылымымен, байқау тапсырмаларымен және автономды роботтың мүмкіндіктерімен танысты.

Астана қаласында 2-8 тамыз аралығында өтетін Жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиадаға 106 елден келген 500-ден астам дарынды оқушы қатысуда. Олар ЖИ үлгілерін әзірлеу және автоматты роботтарды бағдарламалау сайыстарында бақ сынайды.

/// ТЕЛЕКӨПІР

«АРАЛ - КАСПИЙ МАГИСТРАЛІ»: ҮШ ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір арқылы «Қызылорда-Сексеуіл», «Ұлғайсын-Сексеуіл» және «Бейнеу-Сексеуіл» автокөлік жолдарының құрылысын бастап берді.

Телекөпір барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбай жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады. Бұл маңызды іс-шараға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев және Сыр өңірінің зиялы қауым өкілдері қатысты.

Президент телекөпірде сөз сөйледі. Көлік-логистика саласы тоғыз жолдың торабында тұрған Қазақстанның өсіп-өркендеуіне серпін беретін маңызды бағыт екеніне тоқталып, еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша ауқымды жобалардың құрылысы басталатынын мәлімдеді.



— «Жол — тіршіліктің құрғатамыры». Мемлекет осы саланы дамытуға әрдайым баса назар аударады. Біздің мақсатымыз — Қазақстанды Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретінде дамыту. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Баршаныңа белгілі, еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын негізгі көпір саналады. Батыс пен Шығыс арасында құрлықпен тасымалданатын жүктің басым бөлігі Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан озық және заманауи көлік жүйесін қалыптастыру — алдымызда тұрған стратегиялық міндет, — деді Мемлекет басшысы.

Президент атап өткендей, елімізде бұл бағытта көптеген шаруа атқарылып жатыр.

Былтыр «Достық-Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылды. Соның арқасында жүк тасымалы көлемі 5 есе артты. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі жұмыс істей бастады, нәтижесінде жүк жеткізу мерзімі айтарлықтай қысқарды. Ең бастысы, осындай ауқымды жобаларды өз мамандарымыз жүзеге асырып жатыр. Бұл жұмыстың бәрі Қазақстанның

көлік-логистика саласындағы әлеуеті зор екенін көрсетеді.

— Өткен жылы еліміздегі жалпы тасымал көлемі 6 пайызға артып, шамамен 37 миллион тонна болды. Быыл «Мойынты-Қызылжар» және «Дарбаза-Мақтаарал», ал келесі жылы «Бакты-Аягөз» теміржол желісінің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек, біз автокөлік саласына ерекше

назар аударып отырмыз. Соңғы жылдары Қазақстанда тас жолдарды түбегейлі жаңғырту жұмысы қолға алынды. Бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба табысты аяқталды. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай», «Қарағанды-Алматы», «Орталық-Оңтүстік», «Атырау-Астрахань», «Талдықорған-Өскемен», «Қалбатау-Майқапшағай» бағытындағы жолдар — соның айқын дәлелі. Кейінгі 5 жылда автокөлікпен жүк тасымалдау көлемі екі есе артты. Былтыр осы қызмет түрінен түсетін табыс 1,5 триллион теңгеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, еліміз арқылы 8 халықаралық дәліз өтеді. Бұл жолмен күн сайын 35 мыңға жуық автокөлік жүреді. Өткен жылы 13 мың шақырым автокөлік жолын салу және жөндеу жұмысы жүргізілді. Соның 6 мың шақырымы халық игілігіне берілді. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттері толық жаңартылады. Мұндай ауқымды жұмыс сіздің тарихында алғаш рет жүзеге асырылып отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

/// АЛТЫН БЕСІК

БЕРЕКЕСІ АРТҚАН АУЫЛ

1950-1960 жылдары Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту, оның ішінде қой санын 50 миллионға дейін жеткізу міндеті қойылды. Мұндайда момын түлікке жайлы жайылым керек. Көп өңірмен бірге бұл мемлекет міндетінен Сыр өлі де қалыс қалмаған. Шалғайдағы, әсіресе, Қызылқұм жайылымдарын игеру басталып кетті. Анығы, 1964 жылы Үкімет шешімі қабылданып, «Шөл және шөлейт жерлерді игеру туралы» қаулысымен Қызылорда облысында «Жаңадария», «Аққыр», «Іңкардария», «Қуандария», «Жаңақала» және Қазалы ауданындағы бұрынғы қой фермасы — «Қызылқұм» совхозы құрылды.

Осы шаруашылықтың бірі — бүгінгі Жалағаштағы Жаңадария дедік. Қызылдың етегіндегі «Мүлқалан әулие» деп аталатын жердің батысына орналасқан совхоздың алғашқы темірқазығы қағылысымен Жүсіп Бисариев бастаған башылық ен шаруаның қиындығын еңсерген. Жаңа елді мекен маңынан скважиналар қазып, мал жайылымын игеру, күріш егумен айналысатын совхоздардың қойларын қабылдап алу, мамандар мен мал бағатын шопан тарту, Жаңадария бойын



қыстайтын қыстаулар мен мал қораларын салу жұмыстары жүрді. Совхозда құрылыс жұмысы жыл сайын қарқын алды. Құрылысшылар орталықтан ақ шатырлы үйлер салып берді. Су жүретін арықтар қазылып, тал шыбықтар отырғызылып, көгалдандырылды.

— Сол уақытта орталықта кенсе, байланыс бөлімшесі, гараж, қонақүй, медпункт, клуб, мектеп, сауда орындары пайдалануға беріліп, халыққа қызмет етті. Электр желілері тартылып, жарық жарқырап, шалғайдан «Жаңадария» дейтін жаңа совхоз бой көтерді. Совхоздың ферма орталықтары «Тасшоқы», «Аққолқа» елді мекендерінде тұрғын үйлер, мектеп-интернат, медпункт, клуб үйлері салынды. Жетпісінші жылдардың соңында тағы бір игілікті іс — совхоз орталығынан жүздеген шақырым Қызылқұмдағы «Морттық» скважинасына дейін электр желісі тартылып, жарық жеткізілді. Соның арқасында қойқырым, қарақөл сою пункттерінің жұмыстары бір жерге орталықтандырылып, жүйеге келген еді. Сондай-ақ канал қазып, көкөніс-бақша егу, мал жайылымдарын суару жұмыстары қоса атқарылды, — деп еске алады ауыл ақсақалы Зейнебек Нұржанов.

4-бет

Валюта бағамы: \$ 473,59 kzt

€ 544,68 kzt

₸ 5,94 kzt

Ауа райы: Сейсенбі

+29°

+20°

Сәрсенбі

+32°

+19°

«АРАЛ - КАСПИЙ МАГИСТРАЛІ»: ҮШ ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанның әр аймағында автожолдар жөнделіп жатқанын атап өтті.

– Жакында Сарыағаш айналма жолының құрылысы мен «Жезқазған-Қарағанды» автожолын жөндеу жұмысы басталды. Сонымен қатар еліміз бойынша көптеген тұрғын үй, мектеп, аурухана, инженерлік желі салынып жатыр, басқа да әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Бір сөзбен, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналатын болды. Бұл мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолына түсіп, жаңа даму кезеңіне қадам басқанын көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бейнеу-Сексеуіл» бағытында 800 шақырымдық түбегейлі жаңа жолдың құрылысы басталғанына тоқталып, бұл бағдарды халықаралық ауқымдағы автожол деп атады.

– Осы жол ел аймақтары арасындағы байланысты нығайта отырып, Қытай мен Еуропаны жалғайтын «алтын көпір» ретінде қызмет етеді. Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға дейін жүк тасымалдау ұзақтығы 1 мың шақырымға, ал жүк жеткізу мерзімі 3 тәулікке дейін қысқарады. Халқымыздың таным-түсінігінде құдық қазу, көпір салу сауапты іс саналады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, біз игілігі баршаға ортақ, яғни өзіміз де, өзгелер де пайдасын көретін аса жауапты жұмысты бастап отырмыз. «Бейнеу-Сексеуіл» бағыты республикалық, аймақтық, құрылықтық деңгейдегі маңызды жол болары анық. Сондықтан бұл жолды «Арал-Каспий магистралі» деп атаған дұрыс, – деді Мемлекет басшысы.



Сонымен қатар Президент жалпы ұзақтығы 774 шақырымды құрайтын «Қызылорда-Сексеуіл», «Ұлғайсын-Сексеуіл» жолдарын кеңейту, түбегейлі жаңғырту жұмыстары басталғанын мәлімдеді.

– Бұл жолдардың құрылысымен отандық компаниялар айналысады. Құрылыс жұмыстарына 10 мыңнан астам жұмысшы тартылады. Жолдар толық салынып біткен соң жүк тасымалы 2,5 есе артып, жылына 13,2 миллион тоннаға жетеді. Бұл жобалар ел экономикасын өркендетуге, туризмді дамытуға тың серпін беріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізери сөзсіз. Осындай жобалардың әрқайсысы тұтас Қазақстанның көлік жүйесімен үйлеседі. Бұған дейін негізінен солтүстіктен оңтүстікке тартылған көлік желілері енді шығыстан батысқа қарай бағытталған жаңа тармақтармен кеңейіп жатыр. Басты мақсат – елімізді Еуропа мен Азияны жалғастыратын жетекші логистикалық желінің біріне айналдыру. Қазақстандағы автокөлік тасымалы саласы табысы жағынан теміржол көлігімен теңесті. Сондықтан жолдың құрылысын жүргізумен бірге заманауи цифрлық экожүйе құру маңызды міндет саналады. Жергілікті автоөндірісті тарта отырып, отандық тасымалдаушыларды қолдаудың ұлттық бағдарламасын қабылдау әлеуетті еселейді. Мұның бәрі Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Арал маңындағы иен даламен тартылып жатқан жолдар бұған дейін тұйық нүкте саналып келген бағыттарды Еуразияның негізгі көлік дәліздерінің тоғысына айналдырады. Бүгін бастау алып жатқан жұмысты уақытылы, яғни 2029 жылдан кешіктірмей аяқтау өте маңызды. Қажетті жағдайдың барлығы жасалып жатыр. Енді білек сыбана жұмысқа кірісу керек. Біз бір ел болып бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Баршаныңа амандық, сәттілік және табыс тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Телекөпір барысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйлеп, Президентке аймақ тұрғындарының ризашылығын жеткізді.



Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында республикалық маңызы бар жолдардың құрылысын тездетуді тапсырған болатын.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев кейінгі жылдары еліміз арқылы өтетін халықаралық жүк тасымалының көлемі айтарлықтай өскеніне тоқталды.

– Бүгін біз Президентіміздің тікелей тапсырмасымен еліміздің көлік инфрақұрылымын дамытудағы аса маңызды жобалардың басталуына куә болдық. Жүк тасымалының өсімі қолданыстағы жол инфрақұрылымын жаңғыртуды, өткізу қабілетін арттыруды және қауіпсіздік деңгейін күшейтуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, бүгін басталып отырған үш жоба Қазақстанның көлік жүйесін сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмаларын сапалы әрі белгіленген мерзімде орындау бағытындағы жұмысты жалғастырады. Бұл жобалардың уақытылы және жоғары сапалы болып іске асуы Президентіміздің бақылауында, Үкімет басшысының тұрақты қадағалауында болады, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Айта кетейік, ауқымды жобалар толық жүзеге асқаннан кейін еліміздің негізгі халықаралық көлік дәліздері өзара тиімді байланысып, үздіксіз құрлық дәлізі қалыптасады. Жолдардың өткізу қабілеті екі есе артып, жүк тасымалдау уақыты қысқарады, логистикалық шығындар азаяды және жол қозғалысының қауіпсіздігі едәуір жақсарыды.

1-бет

/// САПАР

ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ



ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмасымен облысқа жұмыс сапарымен келді. Нұрлыбек Машбекұлы облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевпен бірге бірқатар маңызды нысанның құрылыс жұмысын көріп, алдағы міндеттер пысықталды.

Қазір Президент саябағы аумағында бой көтерген тоғыз қабатты 15 тұрғын үйдің құрылысы қызу жүріп жатыр. Жалпы құны 22 млрд теңге болатын жоба республикалық бюджет есебінен қаржыландырылған. Бас мердігер «Мелиоратор» серіктестігі 8,2 гектар аумаққа заманауи үлгідегі 15 тұрғын үй кешенін салды. Жоба бойынша 945 пәтер пайдалануға беріледі. Оның 135-і бір бөлмелі, 540-ы екі бөлмелі және 270-і үш бөлмелі. Қазан айында табысталатын тұрғын үй кешенін көрген Нұрлыбек Машбекұлы мұнан кейін облыс орталығында 20 млрд 61 млн теңгеге салынып жатқан «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінде болды. Жалпы аумағы 26 мың шаршы метр болатын кешен құрылысы 2025 жылы шілдеде басталған болатын. Мұнда 50 метрлік жүзу бассейні, халықаралық додаларды өткізуге арналған 2500 орындық зал, форумдар мен түрлі жиындарға арналған 300 орындық конференция залы қарастырылған.

Қазір мұнда әрлеу, металл конструкцияларын орнату, терезелер мен витраждарды монтаждау, инженерлік және электр желілерін жүргізу, сондай-ақ аумақты абаттандыру жұмыстары қарқын алған. Ғимараттың қасбеті заманауи сәулет үлгісімен безендіріліп, витражды берік пынымен қапталды. Кешен пайдалануға берілгеннен кейін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге толық белімделеді. Нысанды биыл пайдалануға беру жоспарланған.

Құрылыс барысымен танысқан Премьер-министрдің бірінші орынбасары жауапты сала мамандарына барлық жұмысты сапалы атқарып, белгіленген мерзімде аяқтауды, құрылыс сапасын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

КІТАПХАНА ЖӘНЕ ДРАМА ТЕАТР

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана мен жаңа драма театр салуды тапсырған болатын. Осы тапсырмаға сәйкес сәуір айында екі нысанның іргетасы қаланды.

Кітапхана құрылысына инвестор қаражаты есебінен 20 млрд теңге бөлінген. Жалпы аумағы 13 мың шаршы метр ғимаратқа электронды оқу, конференция залдары, архив, бас-

пахана, бағдарламалау және жасанды интеллектті дамыту медиа-зертханасы, подкаст студиясы, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімдері болады. Мұнда бір миллионнан астам кітап қорын сақтауға мүмкіндік бар. Жаңа нысан өңірдегі кітапхана инфрақұрылымын дамытып, акпараттық-мәдени ортаны нығайтады.

Ал жаңа драма театрдың жалпы аумағы 4 мың шаршы метрден асады, 520 көрерменге



балар таныстырылды. Олар – сол жағалауда салынатын тұрғын үй кешені, желдету және ауа баптау қондырғыларын құрастыру, санитарлық-техникалық бұйымдар құрастыру және өндіру жобалары, томат пастасы мен көкөніс поресі өндірісі, сұйытылған табиғи газ өндіру, екі қорғасын-мырыш тау-кен байыту зауыты, көпфункционалды сауда-ойын-сауық кешені.

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ, ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев жұмыс сапарында Мемлекет басшысының қолдауымен ашылған Ботаникалық



бақ пен «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығына барды. Айта кетейік, Президент саябағы аумағындағы бұл нысандар аймақты Нұрлыбек Машбекұлы басқарған кезде салынған. Құрылысына 4,9 млрд теңге бөлінген Ботаникалық бақ жобасының бас мердігері – «Alem Qurlyys AQ» ЖШС. Экологиялық мәдениет пен туризмді дамытуға бағытталған заманауи көпфункционалды кешенде бірнеше мемлекеттен арнайы әкелінген экзотикалық және тропикалық өсімдіктер бар. Мәселен, Қытай, Оң-

түстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америка, Австралия, Мадагаскар сияқты елдерде өсетін 92 түрлі 3300-ден астам өсімдік егілген. Жасыл желекке қолайлы жағдай жасау үшін микроклиматты автоматты басқарудың, суару және су дайындаудың заманауи инженерлік жүйелерімен жабдықталған.

Аймақта Президент қолдауымен халық игілігіне табысталған тағы бір нысан – жыл бойы қызмет көрсететін «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы. Құрылысына 10 млрд теңге бөлінген 300 орындық тынығу лагерінің материалдық-техникалық базасы әлемдік озық стандарттарға толық сәйкес келеді. Орталық аумағында әкімшілік ғимарат, ауқымды іс-шараларға арналған ивент-аймақ, 4 жайлы жатақхана және қонақүй үлгісіндегі ғимарат бар.

Сонымен қатар балалар демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында барлық қажетті инфрақұрылым мен заманауи жабдықтар орнатылып, демалыс аймақтары жасакталған. Аумағы толық абаттандырылып, көгалдандырылған.

Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация спорт залын, бассейнді, кітапхананы, инклюзия, робототехника, 3D графика, ғарыш инженериясы, өнер, ғарыш және радио байланыс, астрономия, әуе және ұшықш, биология кабинеттерін, лагерь ауласындағы амфитеатр, киіз үй және жатақхананы аралап көрді.

МЕДИЦИНАЛЫҚ МҮМКІНДІК АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында: «Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады» деп атап өткен болатын.

Нұрлыбек Машбекұлы сапар барысында Титов шағын ауданында келушіні қабылдайтын №5 қалалық емхана құрылысын да назардан тыс қалдырған жоқ.

Бүгінде аумағы 9 мың шаршы метрлік медициналық нысанның үшінші қабатының монолитті бағандары бетондалуда. Бірінші қабатының аралық қабырғалары қаланып, ішкі инженерлік желілер тартылып жатыр. Жергілікті аралық қабырғалар қаланып біткен.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Сырдария өзенінің сол жағалауындағы бір ауысымда 500 адам қабылдайтын емхана құрылысымен де танысты. Қазіргі уақытта нысанның іргетасы қалануда. Көпсалалы орталықта амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық қызмет көрсетіледі. Мұнда ақшасы және акушерлік-гинекологиялық



тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері орналасады. Сондай-ақ 50 төсектік күндізгі стационар, орталық стерилизация бөлімі, дәрілік камтамасыз ету қызметі, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория және 200 орындық конференция зал қарастырылған.

Сол жағалаудағы 300 төсектік көпбейінді аурухана – бір ауысымда 100 адамды қабылдайтын емханасы бар медициналық кешен. Онда емхана, пансионат, операция, реанимация, химиотерапия және радиотерапия бөлімдері, физиотерапия, қабылдау және әкімшілік блоктар болады. Қазіргі уақытта абаттандыру және ішкі-сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Бұған дейін бетондалып, аралық қабырғалары қаланып және сырланып біткен, елениң тегістегіш қабаты құйылған. Осы кезде керамикалық плитка төселіп, сыртқы қасбетке линеарлы панель орнатылып жатыр.

«СБ» ақпарат

/// МЕРЕЙ



Адамның ғұмыры артында қалған ізімен өлшенеді. Біреу бойдағы талантымен, біреу тарбиелеген шәкіртімен, енді бірі елге сіңірген еңбегімен есте қалады. Ал орманышның ізі өзгеше. Ол құмға тамыр жібереді, тақырға тіршілік дәнін себеді, бүгін еккен көшетін ертеңгі ұрпаққа аманаттайды. Осындай мағыналы ғұмыр кешкен азаматтардың бірі – орман шаруашылығының ардагері Сақтаған Ешмаханов. Биыл саналы өмірін туған өлкенің табиғатын қорғауға арнаған ел ағасы сексен жасқа толып отыр.

Сақтаған ағамыз 1946 жылы Арал ауданындағы Аққұм елді мекенінде қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Құмды өлкенің қатал мінезін, еңбек адамының бейнеті мен берекесін бала жасынан көріп өсті. 1965 жылы мектеп бітіргеннен кейін Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтына түсіп, 1970 жылы орман шаруашылығы инженері мамандығын алып шықты.

Жас маман еңбек жолын Қазалы орман шаруашылығы мекемесінде бастады. Әуелі орман инженері болып қызмет етсе, тәжірибесі толысқан соң мекеменің бас орманшысы, директордың орынбасары міндетін атқарды. Оның еңбек кітапшасында қазіргі Астан батыр ауылындағы шаруашылық директорының орынбасары және Арал аудандық мелiorациялық станциясының директоры болған кезеңдер де бар. Алайда қай қызметте жүрсе де, ол орман шаруашылығынан алыстаған жоқ. Қырық жылдан астам уақыт бір салаға адалдық танытып, 45 жылға жуық еңбек өтілімен 2009 жылы зейнетке шықты.

Орманын еңбегі сырт көзге елеусіз көрінуі мүмкін. Алайда орманды өрттен қорғау, заңсыз кесуге жол бермеу, тұқым дайындап, көшет жерсіндіру – үлкен жауапкершілік қажет етеді. Сақтаған Ешмаханов қызмет еткен жылдары Қазалы орман шаруашылығы облыстағы алдыңғы қатарлы мекемелердің біріне айналды.

Оның кәсіби өміріндегі ең жауапты кезең Арал теңізінің тартылуымен тұспа-тұс келді. Кешегі айдыңның орнын ақ тұз бен құм басып, теңіз табаны тіршілік белгісі жоқ алып кеңістікке айналды. Жел көтерілгенде ұлтанның ұшқан тұз бен шаң жүздеген шақырымға тарап, адам денсаулығына, топыраққа, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зор зиян келтірді. Шаңды дауылдың ізі кейде ұзындығы 400, ені 40 шақырымға дейін жететін. Аралдың құрғаған ұлтаны 4,5 миллион гектарды құраса, оның 2,2 миллион гектарға жуығы Қазақстан аумағында орналасқан.

табанында бір миллион гектардан астам аумаққа көшет отырғызу, тұқым себу және табиғи өсуге жәрдемдесу шаралары жүргізілді. Бұл нәтиженің негізінде Сақтаған Ешмаханов секілді алғашқы орманшылардың тәжірибесі мен маңдай тері жатыр. Бүгінде жасыл желекке айналған алқаптар құм мен тұздың көшпұн тежеп, аңқұстың мекеніне айнала бастады.

Сақтаған ағамыздың еңбегі лайықты бағаланды. Ол Мемлекеттік орман және аң шаруашылығы комитетінің Құрмет грамотасымен, «Орман шаруашылығындағы үздіксіз қызметі үшін» бірінші дәрежелі белгісімен, «Қазақстан орманын мінсіз қорғағаны үшін» және «Еңбегі сіңген орман өсіруші» төсбелгілерімен марапатталды. Облыс әкімінің Құрмет грамотасын иеленді. Дегенмен оның ең үлкен марапаты – өзі атсалысқан алқаптардың көгеруі, әріптестерінің құрметі мен елдің алғысы.

Зейнетке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстан шет қалған жоқ. Облыстық орман, аң және балық шаруашылығы ардагерлері ұйымын басқарып, саланың өзекті мәселелерін көтеріп келеді. Оның пікірінше, ағаш отырғызумен іс бітпейді, әр көшетті күтіп-баптап, табиғатқа деген жауапкершілікті қалыптастыру қажет.

– Сақтаған ағамыз саналы ғұмырын туған жердің табиғатын қорғауға арнаған, өз ісіне шын берілген азамат ретінде жаксы білемін. Ол орман шаруашылығында қызмет еткен жылдары жауапкершілігімен, талапшылдығымен және кәсіби білімімен ерекшеленді. Әсіресе Арал теңізінің құрғаған табанына сексеуіл егу жұмыстары басталған қиын кезеңде әріптестерімен бірге үлкен еңбек атқарды. Бүгінде сол алқаптардың жасыл желекке айналуы – Сақтағандай аға буын орманшылардың маңдай терінің жемісі. Ағамыз қызметте талапшыл болғанымен, адамға деген ықыласы мен жанапшылығын ешқашан жоғалтқан емес. Жастарға тәжірибесін үйретіп, әріптестеріне ақыл-кенесін беріп жүрді. Зейнетке шыққаннан кейін де саладан қол үзбей, орман шаруашылығы ардагерлерінің мәселесін көтеріп келеді. Сексен жасқа толып отырған азамат жор денсаулық, отбасына амандық тілеймін. Ел игілігіне сіңірген еңбегінің құрметін көріп, ұрпағының ортасында ұзақ ғұмыр сүре берсін, – дейді Жалағаш ауданының құрметті азаматы Мырзамұрат Ибраев.

Сексен жас – адам өміріндегі биік белес. Сақтаған ағамыздың ғұмыры құм ішінде тамыр жайған сексеуілге ұқсайды. Сексеуіл аптапка да, аязға да шыдайды, сусымалы құмды тоқтатып, айналасына тіршілік ұялатады. Сақтаған ағамыз да өмірдің талай қиындығына төтеп беріп, туған жеріне қорған болар жасыл мұра қалдырды.

Арал табанында желмен тербелген әрбір сексеуілде сол буын орманшыларының қолтанбасы бар. Ал сол іздің ішінде Сақтаған Ешмахановтың да маңдай тері, азаматтық жауапкершілігі мен туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілігі жатыр.

Арал табанында желмен тербелген әрбір сексеуілде сол буын орманшыларының қолтанбасы бар. Ал сол іздің ішінде Сақтаған Ешмахановтың да маңдай тері, азаматтық жауапкершілігі мен туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілігі жатыр.

Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»

ЖОБА

«Қызылорда облысында сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру тәртібі мен шарттары туралы қағидаларды бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қазандағы № 356 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қызылорда облысында сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру тәртібі мен шарттары туралы қағидаларды бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қазандағы №356 шешіміне (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6944 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген Қызылорда облысында сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру тәртібі мен шарттары туралы қағидаларында:

17-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының Салық кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемакының енгізілгенін растайтын құжат»;

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

М.Тлеумбетов

САЛАҒА СІҢГЕН ЕҢБЕК

Мейрамбек Мұстафаевты жұрт ең алдымен мал дәрігері ретінде таниды. Алайда оның өмір жолы бір ғана мамандықтың аясымен шектелмейді. Бұл – ауыл тіршілігінің талай белесін басып өткен, еңбектің қадірін бала күнінен бойына сіңірген, саналы ғұмырын елдің ырысы саналатын төрт түліктің саулығына арнаған азаматтың ғұмыры.

Өңгіме басталғаннан өткен күндердің парасы өздігінен ашыла берді. Бүгінгі буынға тағысы көрінетін бір дәуірдің көріністері көз алдынан тізбектеліп өте шыққандай әсер қалдырады. Ол кезде ауылдағы әр отбасының тыныс-тіршілігі малмен біте қайнасып жататын. Мал ауырып қалса, бүкіл үйдің мазасы кететін. Ветеринар маман әрдайым қолжетімді емес. Сондықтан ауыл адамдары қолдан келген емін жасап, малды аман сақтап қалуға тырысатын. Осындай ортада өскен бала төрт түліктің жайын ерте ұқты.

Кейіпкердің айтуынша, өміріндегі ең дәл болжамды әкесі жасаған екен. Күрішіші Ешпан ақсақал ұлының басқа емес, ветеринар мамандығын игергенін қалады. «Бұл саланың қадірі ешқашан кемімейді» деген сөзін жиі қайталайтын. Арда оданған жыл өткенде сол пікірдің шындыққа айналғанына өзі де талай рет көз жеткізді. Мал шаруашылығы дамыған өңірде бұл мамандықтың жауапкершілігі де, қажеттілігі де ешқашан азайған емес.

Мектепті аяқтаған соң азаматтық борышын өтеп келген жас жігітке тағы бір мүмкіндік туыды. Ол жылдары колхозда, совхозда, өндіріс орындарында адал еңбек еткендер мен әскери қызметтен үздік оралған жастарға жоғары оқу орнына арнайы жолдама берілетін. Жолдамалық белген таалапкерлер әуелі бір жыл дайындық бөлімінде оқып, мектеп бағдарламасын қайталайтын. Сынақтан сүрінбей өткендер конкурсыз студент атанатын. Осы мүмкіндік кейіпкеріміздің де өміріне жана бағыт әкелді. Ол Алматыдағы зооветеринариялық институттың студенті атанып, бала кезден көкейінде жүрген мамандықтың қыр-сырын меңгере бастады. Дипломын алған жас маман не істеді дейсіз? Туған ауылына қайта оралды. 1980 жылдардың орта шені. Алғашқы еңбек күндері үлкен жауапкершілікпен басталды. Әуелі веттехник, одан әрі ветеринарлық санитар болып еңбек етті. Тәжірибелі әріптестерінен үйренді, күн сайын жаңа іс меңгерді. Ауыл-

дағы әрбір төлдің амандығына жауап беру жас маман үшін оңай болған жоқ. Бірақ уақыт өте келе жинаған тәжірибесі мен еңбексүйгіштігінің арқасында совхоз тарапашна аға мал дәрігері қызметіне дейін көтерілді.

Өмір адамды әр кезеңде әртүрлі сынайды. Совхоздар тарап, талай маман басқа кәсіп іздеп кеткен тұста ол өз жолынан жаңылған жоқ. Қай ортаға барса да, өмірін арнаған ветеринария саласынан алыстамады. Бұл оның мамандыққа деген құрметінің айқын көрінісі еді.

Кейін аудан орталығына қоныс аударып, «Серкеш-Тү» серіктестігінде мал дәрігері болып еңбек етті. Одан соң мемлекеттік ветеринариялық бақылау саласында жауапты қызметтер атқарып, шекаралық бақылау инспекциясында, аудандық ветеринария бөлімінде, аумақтық инспекцияда абыроймен жұмыс істеді. Жаңа қызметтің әрқайсысы жаңа талап қойғанымен, оның өзгермеген бір ғана қағидасы болды – істі адал атқару.

Кейіпкеріміздің жалында ерекше сақталған кезеңдердің бірі – шаруашылыққа симментал тұқымды ірі қаралар келе бастаған уақыт. Ол жылдары бұл жаналық ауылдағы мал шаруашылығына тың серпін бергенімен, ветеринар мамандарға да үлкен міндет жүктеді. Бұрын өздері үйренген жергілікті малдан өзгеше күтімді қажет ететін жаңа тұқымға бейімделу оңай болған жоқ. Әрбір өзгеріс жана ізденісті талап етті.

– Әр күннің өзі сабақ болатын. Малдың жай-күйін бақылап, ерекшелігін танымайынша, дұрыс күтім жасау да қиын еді. Сондықтан кітаптан оқыған білімді күнделікті тәжірибемен ұштастыруға тура келді. Ол кезеңдегі ветеринардың жұмысы бүгінгідей жеңіл емес-тін. Қажетті дәрі-дәрмек те, арнайы құрал-жабдық та қазіргідей қолжетімді емес еді. Соған қарамастан шаруашылықтағы мал басын



аман сақтау әр маманның басты мақсаты болды. Бүгінгі ветеринария мүлде басқа деңгейге көтерілген. Заманауи зертханалар, жаңа буын вакциналары, цифрлық есеп жүйесі мен диагностикалық құрылғылар мамандардың жұмысын айтарлықтай жеңілдеткен, – дейді ол.

Жылдар бойы жинаған тәжірибесі әріптестеріне де үлкен мектеп болды. Жас мамандарға ақылын айтып, күрделі жағдайларда жөн сілтеп отыруды ешқашан міндетсінген емес. Өйткені ол мамандықтың қадірі білімді өзгемен бөліскен сайын арта түсетініне сенді.


Ұзақ жылғы еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. Сала министрлігінің Алғыс хаты, кәсіподақтың Құрмет грамотасы мен аудан әкімінің марапаты оның маңдай терінің өтеуі еді. Дегенмен өзі үшін ең қымбат марапат – еңбек еткен ортасының құрметі мен елдің ықыласы.

Бүгінде ардагер маман өмірлік жолдасы екеуі ұрпағының қызығын көріп отырған бақытты жан. Өткен күндерін әңгімелегенде ешқашан қиындыққа шағымданбайды. Керісінше, еңбек еткен жылдарын өмірінің ең мәнді кезеңі деп бағалайды. Себебі адал еңбекпен келген абыройдың бағасы уақыт өткен сайын арта түседі. Мейрамбек Мұстафаевтың ғұмыры осының жарқын дәлелі.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@yandex.kz

Бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламалық орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша 2026 жылдың 1-жартыжылдығының ЕСЕБІ 1. Кәсіпорынға сипаттама «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы <i>(әрі қарай – Компания)</i> Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады. Компания қызметінің негізгі мақсаты – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Компаниядағы қызметкерлер саны – 1100 адам. Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы 10608 шақырым, қосалқы станциялардың саны – 2058 дана, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі 60% жетті. Құрылғылардың нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы қажет болса да, қазіргі таңда олардың нақты қызмет еткен мерзімі 30-50 жылдан асып отыр. 2. 2026 жылға бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының орындалуы туралы «ҚЭТТҚ» АҚ-ның 2026 жылға арналған инвестициялық бағдарлама жалпы сомасы 502,7 млн теңге бекітіліп, 1 жартыжылдықта 101,7 млн теңгеге немесе 20 %-ға орындалды. Қазіргі таңда материалдар мен жабдықтар толық сатып алынып, жұмыстар жүргізілуде. Аталған жұмыстар ағымдағы жылдың 2 жартыжылдығында толығымен орындалып, электр қондырғыларының жалпы тозу деңгейі 60% -дан 59,5%-ға, авариялық ажыратулар 10%-ға азаяды деп күтілуде. «Күрделі және ағымдағы жөндеу шығындары» 349 млн теңгеге (күрделі жөндеу – 297 млн теңге, ағымдағы жөндеу – 52 млн теңге) мөлшерінде бекітіліп, есептік кезеңде нақты орындалуы 14,4 млн теңге немесе 4%	құрады (күрделі жөндеу – 9,2 млн теңгеге немесе 3%-ға, ағымдағы жөндеу – 5,2 млн теңгеге немесе 10%-ға). 3. 2026 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы «Реттеліп көрсетілетін қызметтер» үшін жалпы кіріс 12 708 млн теңге болса, есепті кезеңдегі нақты кіріс 5748 млн теңгені құрады, ауытқу 6960 млн теңге немесе 45%-ға орындалды. 2026 ж. 1 қаңтарынан 31 наурызына дейін 9,152 теңге тариф қолданылса, 1 сәуір мен 9 маусым аралығында 8,76 теңге уақытша өтемдік тарифі енгізілді. Электр энергия бағасының жаңа ілеске қызметтердің тарифтерінің ұлғаюына, статистикалық деректерге сәйкес өңірдегі экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа жалакының өзгеруіне, өткен кезең шығындары қалыптасуына байланысты ағымдағы жылдың 10 маусымынан бастап 10,266 теңге тариф енгізіліп, қазіргі кезде қолданыста. Осы ретте, бекітілген тариф 10,266 теңге болғанымен, есептік кезеңнің қорытындысы бойынша орташа тариф 9,146 теңгені құрап, ауытқу 1,12 теңге немесе 89%-ға орындалды. Оперативтік мәліметтер бойынша көрсетілген қызметтің барлық шығыстары 7250 млн теңгені құраса, нақты кіріс 5748 млн теңгені құрап, артық шығын 1502 млн теңге көлемінде қалыптасты. 4. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық
7. 2026 жылдың 2-жартыжылдығындағы кәсіпорынның жұмыс жоспары <i>(оның ішінде электр энергиясын беру қызметінің тарифі өзгерген жағдайда)</i> Стратегиялық тауар (электр энергия) бағасының және ілеске қызметтердің тарифтерінің ұлғаюына, өңір бойынша орташа айлық жалалақ мөлшерінің өзгеруіне байланысты Компанияның электр энергиясын беру қызметіне 2026 жылдың 10 маусымынан бастап 10,266 теңге тарифі енгізіліп, қазіргі кезде қолданыста. Қолданыстағы ережелерге сәйкес жыл соңына дейін тариф өзгертілмейді. 2026 жылдың тарифтік сметасы бойынша ағымдағы жылдың 2-ші жартыжылдығында жөндеу жұмыстары 334,6 млн теңге орындалу жоспарлануда (ағымдағы жөндеу – 46,8 млн теңге; күрделі жөндеу – 287,8 млн теңге). Орындалатын жұмыстар көлемі: - 18,76 шақырым электр тарату желілері мен 1 дана қосалқы станцияларға күрделі жөндеу жұмыстары; - 1,25 шақырым электр тарату желілері мен 1 дана қосалқы станцияларға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Қазіргі таңда, барлық жөндеу жұмыстарына қажетті материалдар мен жабдықтар толық сатып алынып, жөндеу жұмыстары жоспарланған кестеге сәйкес орындалуда. Инвестициялық бағдарлама жалпы сомасы 399,8 млн теңгеге орындалу жоспарлануда 330,6 млн теңгеге «Қызылорда қаласының ӘЖ-10/0,4 кВ электр желілерін реконструкциялау және жаңғырту» Жоспары 26,77 шақырым; 69,2 млн теңгеге «Электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және АСКУЭ-ге қосу» бойынша 457 дана электр энергиясын есепке алу аспабын орнату жоспарлануда.	



САПАЛЫ МЕДИЦИНА – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ

Халық денсаулығы – елдің әл-ауқаты мен әлеуметтік дамуының басты көрсеткіштерінің бірі. Осы бағытта Сыр өңірінде медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, аурудың алдын алу, жаңа емдеу әдістерін енгізу және денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғырту жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Биылғы жылдың алғашқы алты айында салада бірқатар оң нәтижеге қол жеткізіліп, жаңа медициналық нысандардың құрылысы қарқын алды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, өлім-жітім көрсеткіші бытырғымен бір деңгейде. Ал туберкулезден аурушандық көрсеткіші 10,5 пайызға, одан болатын өлім-жітім 33,3 пайызға, өлім-жітім көрсеткіші қатерлі ісіктен 7,5 пайызға, жүрек-қан тамырының жүйесінен 13,9 пайызға азайды. Сәби өлімі 5,1 пайызға төмендеді, ана өлімі тіркелген жоқ.

Стационарларда күн сайын ересектерге 70, балаларға 30 түрлі ота жасалады. Оның 3-4-үі – республика деңгейінде жүргізілетін күзелді оталар.

– Биыл 6 айда 56 жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетілді. Отаның 4 жаңа түрі қолданысқа енді. Олар – асқазан-бауыраралық жыланкөздің клипациясы, мениск түбіріннің тігісі, балаларда лапароскопиялық пиелоластика, нейрорхирургияда вагусты нейростимуляция. 84 науқасқа аритмологиялық ота жасалды. Бұдан бөлек жамбас буынына 77, тізе буынына 151 эндопротездер отасы сәтті орындалды, – дейді басқарма басшысы Алмас Әбілпатта.

Өңірде заман талабына сай медициналық технологияларды кеңінен қолдану арқылы жыл сайын 800-ге жуық онкологиялық жоғары мамандандырылған емдік-диагностикалық көмек көрсетіледі. Бұл онкологиялық ауруларды ерте анықтап, тиімді ем жүргізуге және науқастардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік беріп отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 28 нысан салынады. Жоба аясында ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсетуге бағытталған 6 жоба жүзеге асырылды. Облыс орталығында бір ауысымда 100 келуші қабылдайтын емхана, онкологиялық бөлімшесі бар әрі 300 орынға арналған көпбейінді аурухана салынып жатыр. Қос нысанның құрылысы қыркүйек айында аяқталмақ. Бұдан бөлек Қызылорда қаласында 200 төсек-орынға арналған перинаталдық орталық салынады. Қаланың Титов қыстағында №5 емхананың құрылыс алаңында жұмыс қызу. Сырдария өзенінің сол жағалауында және Арал ауданының Арал қаласында емхана салынады.

– 2022-2024 жылдар аралығында денсаулық сақтау ұйымдары 245 санитарлық автокөлікпен толығып, медицина ұйымдарының автопаркі толығымен жаңартылды. Медициналық құрал-жабдықтар, оның ішінде КТ, МРТ, ангиограф сияқты ауыр техникалар сатып алынды. Аудандық ауруханалар КТ аппаратымен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде медициналық құрал-жабдықтардың жаракатандырылуы 83,2 пайыздан 90,2 пайызға жоғарылады. Жыл соңына дейін 14 медициналық техника сатып алынады, – деді басқарма басшысы.

Өңірде маман тапшылығын азайту бағытында жүйелі жұмыс жалғасын тауып келеді. Атап айтқанда, медициналық мамандықтар бойынша 197 резидент, жалпы тәжірибелі дәрігер мамандығы бойынша 190 білім беру гранты бөлінді. Кейінгі екі жылда елді мекендерге барған аса тапшы 14 жас маманға жергілікті бюджет есебінен жүз еселенген ең төменгі жалмақы мөлшерінде, яғни 8,5 млн теңгеден біржолағы жәрдемақы төленді. Биыл аса қат 10 маманға осындай көмек беру көзделіп отыр.

– Бұл шаралар өз кезегінде 2-3 жыл көлемінде аймақтық саланы дәрігерлермен толығымен қамтамасыз етуге, тар бұынды мамандар тапшылығын мейлінше азайтуға мүмкіндік бермек. Аймақ дәрігерлері шетелде кезекпен тәжірибе алмасып келіп жатыр. Өткен жылдан бері дәрігерлер мен орта бауын қызметкерлері Германия, Ресей, Литва, Беларусь мемлекеттерінде біліктілігін жетілдірді. Биыл 6 маманымызды жергілікті бюджет есебінен Қытай мемлекетіне жібермекпіз, – дейді Алмас Әбілпатта.

Нәзерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЕЛДЕН АЛҒЫС АЛЫП ЖҮРГЕН ЕТІКШІ

Сандық технологияның сиқыры сананы сан-саққа жүйткітіп жатқан заманда етікші деген кәсіптің бар екендігі тек аяқ киіміне көңіл бөлу керек болғанда ғана есіңе түсетін шығар. Өрине, әншейінде елеусіздеу көрінетін бұл кәсіп адам жаратылғалы және әлем елдерінің бәрінде бар екені рас және адамзаттың қаласа да, қаламаса да осы кәсіп иесіне ара-тұра мұқтаж болып қалатыны шындық. Әйтеке би кентінде қателеспесем, етікші көп емес, саусақпен санарлықтай десе де болады. Соның бірі- Берік Жомартұлы. «Ерінбеген етікші болады» деген бұрынғылардан қалған қанатты сөз бар ғой. Осы сөзбен Берік онша келісе қоймайды екен.

– Өрине, ерінбеген, еті тірі, іскер болған жаксы, бірақ өз басым етікшілік кәсіпке бұл қасиеттер жеткіліксіз болатын шығар деп ойлаймын. Өйткені, бұл кәсіп ең алдымен осыған бейімділікті, шұқшынып отыруға шыдамдылықты, темірдей төзімді қажет етеді. Сосын біздің қазақта атадан балаға ауысатын етікшілік, құдықшы, сушы-мұрап, темір ұстасы деген кәсіптер бар емес пе. Сондықтан бұл кәсіпті өз басым атақасіп дегенді жөн көрер едім. Етікші болған өз нағашым Лияс, темір ұстасы болған түп нағашым Жүсіп атамнан аздап маған да ауыспауы мүмкін емес деп ойлаймын. Қалай болғанда да басқа кәсіп қолымнан келмеді, ал осыған бейімім болды, – дейді Берік Жомартұлы.

Қырық жылдан бері ешкімге алақан жаймай өзін-өзі жұмыспен қамтып, отбасының да бар мұқтажыдығын өтеп келе жатқан ол Аралдың Қасқақұлаңында өмірге келді, онжылдықты Қазалыдағы Бекарыстан би ауылынан бітірді. Аудан орталығына қоныс аударып, аяқ киім фабрикасына жұмысқа тұрғанымен ел Тәуелсіздік алған тұста кәсіпорын жабылып, сал абырап қалғаны бар. Ойлануға уақыт шығындаған жоқ, кәсіпкер ретінде тіркеліп, етікшілік кәсібін бастап кетті.

Әдепкіде қиындау болғаны рас, ал екі жылдан соң алған бағыты дұрыс екенін түсінді. Құрал-жабдығы тым қарапайым – балға, біз, шеге түрлері, тістеуік, түрпі, тетір пышақ, қайыс, былғары, көн, ұлтан, тоз, жіп, киіз, желім, мата болғанымен, бүгінгі күні алдына келген тұтынушының аяқ киімін тігіп, шегелеп, жөндеп, ұлтан, табан салып, қалауына қарай көңілінен шығып, бағасына да келісіп, бабын тауып, еңбегінің де рахатына кенеліп, елдің де алғысын алып келеді.

Жолдасы Гүлсім үй шаруасында, баласы Айбек пен келіні Нәзира «РЗА» ЖШС-да еңбек етеді, немерелер өсіп келеді. Мүмкін, көп адамдарға арман болған отбасы бақыты, деннің саулығы, бейнеттің зейнеті, Құдайдың берген ризық-несібесі, еңбектің жемісі дегеннің өзі осы шығар.

Әлімжан ҚИЯС,
Қазалы ауданы

АЛТЫН БЕСІК

БЕРЕКЕСІ АРТҚАН АУЫЛ

Өз уақытында қойдан төл алу, мал басын аман сақтау, ет, жүн, қаракөл елтірісін өткізуде алда болған бұл елде түлік саны мол болған. Айталық, қой саны 48000, жылқы 3500, түйе 500, мүйізді ірі қара 360 басқа жеткен.

– Еліміз егемендік алған жылдардан кейін қоғам да, заман да өзгерді. Уақыт талабына орай Жаңадария совхозының аты кіші кәсіпорындар бірлестігі, «Жаңадария» кеншары, «Жаңадария» өндірістік кооперативі болып бірнеше рет өзгерді. Кейін қоғамдық түліктің барлығы мен техникалар жекешелендіріліп, өндірістік кооператив бірнеше қожалықтарға бөлініп кетті. Қазір Жаңадария ауылдық округінің тұрғындары нарық заңына бейімделіп, көкөніс-бақша егумен, мал өсірумен айналысып келеді, – дейді ақсақал.

Бүгінде Жаңадарияда 100-ден астам шаңырақ бар. Ауыл әкімі Рауан Ақпанбетовтың айтуынша, ел азаматтары бірлік пен тату-тәтті тіршілікте.

– Былтыр ауылдағы №203 орта мектепке жаңа құны 1,5 млн теңгеге жай жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Қосымша кәуіпсіздік үшін 32 бейнекамера орналастырылды. Ең басты біткен шаруа, ауыл ішіндегі 4 көшені асфальттауға облыстық бюджеттен қаржы бөлінді. Мемлекеттік сатып алу жұмыстарының нәтижесінде «Жаңа-1-бет».

Мұнан бөлек, Жаңадарияда көшелерді жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары тоқтаған емес. Таза су құбыры толық тартылған. Әкімдік қадағалауымен ауыл көшелері тазалыққа бейімделген әрі құл-қоқыстарды шығару жұмысы уақытында жүргізілді екен.

Әкімнің айтуынша, былтыр облыстық «Үлгілі елді мекен» байқауында абаттандыру жобаларын қаржыландыру бойынша Жаңадария ауылы 15 млн теңгенің сертификаттына ие болыпты. Енді осыған балалар ойын алаңы салынады. Қазір барлық құжаттары заңдылыққа сәйкес рәсімделіп, қаржысы күйтүлуде.

– Біздің елдегілердің көбісі бақша өсіреді. Аяқсу тартылған. 2023 жылы ауыл тұрғындарының ұйымдастырумен және «Қожық ата» шаруа қожалығының де-мәушілігімен «Інқар» каналы тазаланып, тіпті кейбір бөлігі қайта қазылды. Ауылдастарым ерте көктемнен бастап жер кетпендеп, түрлі дақыл тұқымын тастайды. Биыл да осы канал бойынан 100 гектар жер дайын-далып, бақша мен көкөніс екті. Одан бөлек, төрт түлік өсіріп,

ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН

Өз ісінің білгірі атанып, ұрпаққа білім мен тәрбие берген өнегелі өмір иесінің бірі Лиза Алтынбаева еді.

Ол 1967 жылы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында дүниеге келген. Бақытты балалық шағы сонда өтті. Аудан орталығындағы №31 орта мектепті ойдағыдай бітірді. Талапты жас оқуға құштар, зерек болды. Қоғамдық шараларға белсене қатысып, өзгелерден дараланып тұратын. Асқақ арман жетегімен Украина мемлекетіндегі Ивано Франко атындағы мемлекеттік педагогикалық оқу орнына түсіп, ұстаздық жолды таңдады. 1990 жылы аталған оқу орнын үздік аяқтап, туған жерге оралды. Жалынды жас кенттегі №202 орта мектепке жұмысқа орналасты. Сол кезден бастап қызығы мен шыңығы мол ұстаздық жолдың бастауына түсті.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру – басты міндет болса, білімді, білікті, тәрбиелі жастардың қалыптасуы үшін жас ұстаз қолдан келгеннің бәрін жасай білді. Біліммен қатар өмірде өз жолын табуға, мамандық таңдауға ықпал етіп, адалдық, адамгершілік, мейірімділік сынды ізгі қасиетті бала бойына сіңірді. Әр шәкіртке жеке тұлға ретінде қарап, оның жетістігімен мақтанатын еді.

Ол саналы ғұмырының 35 жыл-ын білім беру саласына арнады. Шәкірттері жоғары білім алып, еліміздің түкпір-түкпірінде сан салада абыройлы еңбек етіп келеді.

Өзара үйлесім бар жерде жетістік болары анық. Лиза Алтынбаева ұжыммен тығыз байланыса отырып, көп белесті бағындырды. Ұстаздық пен қатар 1997 жылдан бастап мектепте бас-тауыш кәсіподақ ұйымының төра-ғысы атанды. Ол іске белсене кі-рісетін, жауапкершілікті жоғары қоятын. Ұжымның қоғамдық жү-мысын жандандыруға зор үлес

қосты. Өріпкестері арасында сый-лы, абыройлы, кішіпейіл, сабыр-лы мінезімен ерекшеленді. Ігі қасиетінің арқасында беделге ие болып, жас мамандарға ақыл-ке-ңесін айтып, тәжірибесімен жәй-лестіріп отырды. Ұстаздықтың бой-амандық емес, жүрек қалауы-мен атқарылатын міндет деп біл-

Дүние — дүрмек

Германияда суды тұтынуға шектеу енгізілді

Аптап ыстық пен құрғақшылыққа байланысты Германияның 100-ден астам қаласы мен ауданында суды тұтынуға шектеу енгізілді.

Report агенттігінің хабарлауынша, су тапшылығы қыс пен көктемде жауын-шашынның аз түсуінен, өзендердегі су деңгейінің төмендеуінен және бірнеше рет қайталанған аптап ыстықтан туындаған.

Қазірдің өзінде шектеу енгізілген 109 қала мен ауданның басым бөлігінде бұл шаралар ауыл шаруашылығына әсер етті. Атап айтқанда, егістік алқаптарын суару үшін өзендер мен көлдерден су алуға тыйым салынған.

АҚШ-та рульсіз роботакси жолға шықты

Amazon компаниясының Zoox бөлімшесі АҚШ-та жаңа рульдік дөңгелегі жоқ роботаксиді шектеулі коммерциялық мақсатта енгізуге мақұлдау алды, деп хабарлайды Kazinform агенттігі NBC News-ке сілтеме жасап.

Zoox Тасжолда қозғалыс қауіпсіздігі Ұлттық басқармасының (NHTSA) шешімі компанияға алдағы екі жылда 2500 көлікке дейін коммерциялық пайдалануға, сондай-ақ алдымен Лас-Вегаста, содан кейін түрлі аймақтарда штат талаптары орындалған жағдайда жол ақысын жинауға федералды рұқсат беретінін мәлімдеді.

Италияда ат-арбаларға тыйым салынуы мүмкін

Италия Парламентінің депутаттар палатасында заң жобасы таныстырылды. Құжат мақұлданған жағдайда туристік қалаларда, әсіресе Римде көң таралған «боттичелле» деп аталатын ат жегілген арбаларға тыйым салынады, деп хабарлайды EuroNews. Бұл жөнінде Kazinform агенттігі жазды.

Дайындалған Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

Жарамсыз деп есептелсін

Дайрабаев Қанат Молдабайұлының атына Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару департаментінен берілген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.